

Жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияны пайдаланудың төмендегідей артықшылығы бар:

- Білім мазмұнының заман талабына сай болуы;
- Болашақта қажетті білімді толығымен алу;
- Білімді өздігінен меңгеру;
- Өзін-өзі бағалай алуы;
- Өз күшіне сенімділіктің болуы;
- Өз жетістігін көре алуы;
- Студентті ізденіске, шығармашылыққа бағыттауы. [4. 112б]

ЖОО оқу-тәрбие процесінде электронды оқулықтарды кеңінен пайдалану оқыту мазмұны мен әдістерінің интенсивтілігін, оқытудың тиімділігін күшейтеді, мұғалімнің инновациялық даярлығын арттырады.

Сонымен қатар ақпараттық технологияландыру адамның белсенділігіне, білімділігіне, шеберлігіне, мәдениетіне, ал жалпы айтқанда, ғылым мен көзқарасқа түбегейлі әсер етеді. Ақпараттық технология білімді өңдеумен анықталып, қоғамның материалдық және рухани жағдайын өзгертеді. Кез-келген сабақта АҚТ-ны тиімді пайдаланса, студенттердің креативті ойлауы артып, шығармашылық қабілеттері қалыптасады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жанпейсова М.М. (2002). Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы.
2. Ержанова А. (2005). Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану.
3. «Информатика негіздері» журналы №4. (2008). Ж. Садыбекова «Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі»
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. (2010). Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа»,
5. «Білім технологиялары» журналы № 2. (2010).
6. Караев Ж.А.(1993). Дидактические основы компьютерной технологий обучения в школе //Информатика. Физика. Математика.

Қонақбаева Тұрсынбай Ергенбайқызы
ТарМПИ, аға оқытушы
Тараз қ-сы

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АРНАЙЫ КУРСТА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Өзектілігі: Қоғам талабына сай әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекеге қабілетті тұлғаға жүйелі және нақты білім беруде инновациялық технологияларды ендіру.

Мақсаты: инновациялық технология ұғымының мазмұнын талдап, ЖОО арнайы курста ИТ қолданудың тиімділігін көрсету.

Әдісі: Интерактивті тақта, электрондық кітапхана, арнайы компьютерлік бағдарламалардың әдістемесі мен технологиясы.

Нәтиже: Инновациялық технологияларды қолдану оқу үдерісін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге және әрбір білімгердің өзіндік іздену жолын табуға, әрбір оқытушының өзінің әдістемелік жүйесін құруға негіз болды.

Қорытындылар: Бәсекеге қабілетті болашақ педагог мамандарды даярлауда ПОҚ өз құзіреттіліктері мен біліктіліктерін жетілдіріп, педагогикалық тәжірибе нәтижесінде әдістемелік құралдар мен амал-тәсілдерін терең игеру мен іске асырып отыруы керек.

Түйінді сөздер: *Инновациялық технология, педагогикалық технология, инновация, болашақ педагог, интерактивті әдістер*

АННОТАЦИЯ

Актуальность: *Внедрение инновационных технологий при систематическом и конкретном обучении конкурентноспособной личности в социально-экономических условиях в соответствии с требованием общества.*

Цель: *Анализируя содержание понятия инновационная технология, показать эффективность использования ИТ на специальном курсе ВУЗа.*

Метод: *Интерактивная доска, электронная библиотека, методика и технология специальных компьютерных программ, использование инновационных технологий.*

Результат: *Является основой при качественном различении учебного процесса, внедрении новаторских проектов и при самостоятельном поиске каждого студента, при построении методической системы каждого преподавателя.*

Выводы: *При подготовке конкурентно способности у будущих педагогов ППС совершенствует свои компетенции и умения, необходимо глубже усваивать и реализовывать методические средства и способы в результате педагогического опыта.*

Ключевые слова: *Педагогическая технология, инновация, будущий педагог, интерактивные методы.*

ABSTRACT

Relevance: *Entering some innovative technologies in a process of systematic and concrete teaching of personality in social-economical conditions in accordance with requirements of society.*

Goal: *Analysing the content of notion innovative technology its necessary to show the efficiency of the usage IT on the special course in higher educational establishment.*

Method: *Smart-board, electronic library, methodic and technology of special computer programmes.*

Result: *The usage of innovative technologies is the base in qualitative differentiation of teaching process, in entering new projects and in a process of self-research of every student in building the methodical system by a teacher.*

Conclusions: *In preparation of future pedagogue teaching staff improves his competences and skills its necessary duply to master and realize methodical means and approaches as a result of the pedagogical experience.*

Keywords: *Pedagogical technology, innovation, future teacher, interactive methods.*

Бүгінгі таңда білім беру мен тәрбиелеу үдерісінде алдына қойып отырған мақсаттың бірі - инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын жетілдіру, қоғам талабына сай әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекеге қабілетті тұлғаға жүйелі және нақты білім беруді жақсарту болып отыр. Аталған мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген [1].

Инновациялық технологияларды ЖОО арнайы курстарда жүзеге асырудың тиімділігін айтуда алдымен оның мағынасын талдап алған дұрыс шығар. Зерттеулерге сүйенсек, «Инновация» ұғымы ең алғаш рет ХІХ ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеулерінде қолданылды. Инновация (латын тіл.-«жаңа, жаңалық, жаңарту») бұрын болған нәрсенің ішінде жаңа нәрсенің пайда болуын, дамуын білдіреді. Қазақстанда ең алғаш «инновация» ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Н.Нұрахметов. Ол: «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызмет» деп көрсетеді. Ал, К.Құдайбергенова «инновацияны» – нақты қойылған мақсатқа сай алынған жаңа нәтиже деп есептеп, төмендегідей аудармалар жасаған: «инновация» - жаңарту, «нововедение» – енген жаңалық, «новое» – жаңа, «новшество» – жаңалық, «инновационный процесс» – жаңарту үдерісі [2]. Н.М.Аблязимова өз зерттеуінде, инновация -бұл белгілі бір уақыт аралығында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп атаған. Осыны негізге ала отырып, инновацияны - «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», ал инновациялық үдерісті - «жаңа әдістеме енгізу

құралы» деп анықтама берген. С.Ожеговтың сөздігінде инновация ұғымына мынадай анықтама берілген: «Инновация - бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес, енгізілген жаңалық». Э.Роджерстің пікірінше: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс «Инновация –арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан міндеттеріміздің жүйелі түрде жүзеге асырылуын күтеміз» деген анықтамалар берген [3]. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерде «технология» ұғымына мынадай анықтама кездеседі: «Технология – бұл қоғамдағы практикалық прогрестердің техникамен реттеліп отыратын және материалдық дүниенің заңдылықтарымен анықталатын, техникалық құралдар мен объектінің өзара әрекеттесуінен туындайтын үдеріс».

Бізге қатысты білім беру саласында кейінгі кездерде жаңа үдеріс – *педагогикалық инновация және педагогикалық технология* ұғымдары орын алды. Ол жайында Республикамыздың белгілі ғалымы К.Ж.Бұзаубақова: «Педагогикалық технология – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына толық мүмкіндік беретін біртұтас педагогикалық процестің барлық дара, инструменталдық және әдістемелік құралдарын қолдану реті мен жиынтығының жүйесі, жобасы»-деген анықтама берсе [4], Н.Д.Хмель педагогикалық технология бұл жеке адамның, сондай-ақ бүкіл ұжымның даму динамикасын көруге, оның нәтижесін кезең-кезеңмен өлшеуге болатын және педагог пен оқушының жеке тұлғасының өздігінен дамуына толық мүмкіндік жасайтын теориялық білімнің тұтас, педагогикалық процестің практикасында жүзеге асудағы реттелген іс әрекеттің жиынтығына жатқызды [5]. Н.Р.Юсуфбекова білім беру жүйесіндегі жаңартуды «*инновациялық үдеріс*» деп көрсетеді [6]. Ол инновациялық үдерісті жаңалықтарды жасау, оны педагог қауымның оқыту мен тәрбие беру тәжірибесінде пайдалануы ретінде түсіндірсе, В.М.Монахов: «Педагогикалық технология дегеніміз – оқушы мен мұғалім үшін барлық жағынан өте қолайлы жағдайлар жасай отырып, оқыту үдерісін жобалаудың, ұйымдастырудың және өткізудің соңына дейін ойластырылған, әрі бірлесіп жүзеге асырылатын педагогикалық қызметтің моделі» деп атаған.


Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясы мәселелерін теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан Ш.Т.Таубаева, К.Ж.Бұзаубақова, Қ.А.Сарбасова, М.М.Жанпейісова және т.б. педагог ғалымдардың еңбектерінде деңгейлеп оқыту, жүйелік негізде оқыту, шоғырландырып-қарқынды оқыту, блоктық-модульдік оқыту сияқты инновациялық оқыту технологияларын пайдалану мәселелері қаралған. Осыған дейін де жаңашыл педагогтардың озық дидактикалық идеяларында оқу үдерісінің әдістері мен түрлерін жетілдіру көрініс табады. Мысалы, В.Ф. Шаталовтың тірек сигналдары, Р.Штейнердің еркін таңдау идеясы, С.Н.Лысенкованың оза оқыту идеясы, П.Эрдниевтің ірі блоктар идеясы, Л.В.Занковтың дамыта оқыту идеясы, Л.С.Выготскийдің «жақын даму аймағы» және т.б.

Қоғам талабына сәйкес қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын жоғары оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру жүзеге асырылып отыр. Осыған сәйкес Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының жанынан «ІТ және оқытудың инновациялық технологиялары» орталығы (ІТжОИТО) құрылып, қызметін атқаруда. Орталық «Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің біліктілігін көтеру курстарынан өтуін қамтамасыз етуді» жүзеге асыру мақсаты көзделген. Институтта ПОҚ ІТ-күзиреттілігін көтеру, институттың материалдық-техникалық ресурстарын (компьютерлік сыныптар, Интернет, интерактивті тақта, электрондық кітапхана, арнайы компьютерлік бағдарламалар) пайдалану тиімділігін арттыру міндетінде ІТжОИТО келесідей семинар-тренингтер:

1. Интерактивті тақта – жаңа типті оқыту ортасы.
2. Бейнетехнология. Бейне сабақтар құрастыру әдістемесі мен технологиясы.
3. Заманауи Интернет-технологияларды білім беру процесінде қолдану мүмкіндіктері деген тақырыптарда ұйымдастырылып жүргізілуде. Нәтижесінде, инновациялық технологияларды қолдану оқу үдерісін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге,

оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білімгердің өзіндік іздену жолын табуға, әрбір оқытушының өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізіп отыр.

Мұнда айтқым келіп отырғаны, ІТЖОИТО біліктілігімді көтеріп, оқу жүктемесіндегі арнайы курстарымда инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі (Сурет 1).



Болашақ педагог мамандарды даярлауда оқу жұмыс бағдарламасында көрсетілген арнайы курстар бойынша лекциялық және семинарлық сабақтар мен аудиториядан тыс СӨЖ ұйымдастыруда инновациялық технологияларды іске асыруда білімгерлердің курсқа қызығушылықтары белсенді арттырып, ал өзімнің біліктілігімді педагогикалық жаңашыл шығармашылықта жетілдіруге негіз болды.

Инновациялық технологияларды оқу құралдарына айналдыру оқылатын курстың өзіндік мақсат-міндеттерінің орындалуы келесідей тиімділікпен жүзеге асатындығы болып отыр:

- оқытатын материалды терең және нақты ашылады;
- тығыз академиялық сағатты тиімді әрі нәтижелі пайдаланылады;
- оқу үрдісін жүзеге асыратын сыртқы және ішкі қайтымды байланыс орнайды;
- мәліметті жоғарғы дәрежеде ақпараттандыру және белсенді қабылдау;
- білімдік және танымдық белсенділікті арттыру;
- өзін-өзі тануға тәрбиелену: нақтылық және ұқыптылық;
- көріп қабылдауы арқылы кәсіби білімі шыңдалады;
- интеллектуалды дамуы мен логикалық ойлау қабілеті жетіледі;
- білімгер мен оқытушының бірлескен белсенділігі;
- аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінен жоғары мөлшерге бағыттылығы;
- үздіксіз білім беру мен білім алудың тиімділігі және т.с.с.

Сайып келгенде, оқу мен тәрбиелеу үдерісінде инновациялық технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана оқытушының шеберлігін шыңдай түсуімен ғана жүзеге асады. Сондықтан, бәсекеге қабілетті болашақ педагог мамандарды даярлауда ПОҚ өз құзіреттіліктері мен біліктіліктерін жетілдіріп, педагогикалық тәжірибе нәтижесінен әдістемелік құралдары мен амал-тәсілдерін терең игеру мен іске асырын талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319

2. Бейсенова Г. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі //Қазақстан мектебі. 2006. №6
3. Щуркова Н. Е. Педагогическая технология. -М., 2002.
4. Бұзаубақова К.Ж. Білім берудегі инновациялық. -Тараз, 2014.
5. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса. –М. 2002.
6. [Юсуфбекова Н.Р.](#) Педагогическая инноватика:возникновение и становление //Вестник Московского городского педагогического университета. 2011. –№4(14) 2010. –с.8-17.
7. Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар. -Алматы, 2006.
8. Жанпейсова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.
9. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. -Алматы, 2001.

Лебедева Ксения Сергеевна
магистр пед.наук,
ст. преподаватель кафедры психологии
ГУ имени Шакарима г. Семей

ТЕХНОЛОГИЯ КЕЙС-СТАДИ КАК ЭФФЕКТИВНОЕ СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ САМОСТОЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

АННОТАЦИЯ

Мақалада өзекті мәселе технологиясын қолдану кейс-стади тиімді құрал ретінде қалыптастыру білім беру дербестік болашақ педагогтар. Автор ұғымы "кейс-стади", сипаттамасы келтіріледі компоненттерін технологиялар, сондай-ақ нәтижелерін сынақтан өткізу кейс ЖОО-да. Негізінде теориялық материалды және деректер барысында алынған эксперименттік жұмыс бөлінеді негізгі кезеңдері іске асыру технологиясы.

Түйінді сөздер: технология, кейс-стади, инновация, білім беру дербестік, педагог.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается актуальная проблема применения технологии кейс-стади в качестве эффективного средства формирования образовательной самостоятельности будущих педагогов. Автором раскрывается понятие «кейс-стади», приводится описание компонентов технологии, а также результаты апробации кейса в ВУЗе. На основе теоретического материала и данных, полученных в ходе экспериментальной работы, выделяются основные этапы реализации технологии.

Ключевые слова: технология, кейс-стади, инновация, образовательная самостоятельность, педагог.

ABSTRACT

The article considers the problem of application of technology a case-stadi as an effective remedy of formation of educational independence of future teachers. The author shows the content of the concept of "case studies", describes technology components, as well as the results of testing of the case at the university. On the basis of theoretical material and the data obtained during experimental work the main stages of realization of technology are allocated.

Keywords: technology, case studies, innovation, educational autonomy, teacher.

Во все времена подготовка педагогических кадров являлась одной из важнейших целей высшего образования. Эта проблема не теряет своей актуальности и на современном этапе, при этом основной акцент ставится на формирование профессионально - компетентной личности, конкурентоспособного специалиста, способного самостоятельно и творчески решать профессиональные задачи, осознавать личностную и общественную значимость профессиональной деятельности, нести ответственность за её результаты [1].